

В статье отражены конкретные и актуальные задачи воспитательной деятельности в современных условиях.

Литература:

1. Закон РК «Об Образовании»
2. Демеуова М.Е. Проблемы патриотического, духовно-нравственного воспитания детей и молодежи // Білім – Образование, 2006, №6, с.130-135

**ҚАРАБАТАН ЗАУЫТЫНЫң АТЫРАУЛЫҚТАРҒА ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН
ОРТАҒА ӘСЕРІ**

Е.Ж. ПАЗЫЛЬБЕКОВ

Солтүстік Каспий аймағының таяз жерінен табылған Қашаған кен орнын кешенді игеру бағдарламасына жылына 5 млрд. текше метр ілеспе газ кабылдау қуаты бар құрлықта орналасар өндіріс ошағы да кіреді. Әр жылы 1,5 млн. тонна күкіртті залалсыздандыруға тиіс бұл газ өндеу зауытын салатын орын ретінде Карабатан елді мекені белгіленген. Облыс орталығынан 30 шақты шақырым жерде пайдалануга берілмек кәсіпорыннан қалаға қандай қауіп төнбек?

Атырау аймағында жел үнемі дерлік шығыстан, оның үстіне бірнеше күн бойы соғатының ескерсек, іргедегі болашак зауыттан шығар зиянды қалдықтың залалды әсерін қалалықтар шапшаң сезбек.

Қарабатан зауытында Теніз кенишіндегі тәрізді газ құрамынан күкіртті айыру жүзеге асырылмақ. Мұнда Қашаған кен орнынан ғана емес, теңіздегі өзге де аландардан шикі газ жеткізілуі мүмкін. Бұл мекен инвесторлар тарапынан кеништі игеруге жұмысалар қаражатты үнемдеу мақсатынан ғана туындаған. Ал оның жарты миллионға жуық халқы бар қалаға тигізер теріс әсері есепке алынбаған немесе тіпті оған назар аудармаган.

Атырауды екіге бөліп ағатын жайық өзені қалалықтардың ауыз суға қатысты қажетін өтейді. Әрі Жайық әлемде сирек кездесетін балықтардың өмір сүру ортасы болып табылады. Өзен суын адамдар мен төрт түлік мал ішеді. Ол егістік алқаптарды суаруға пайдаланады. Міне осылай атыраулықтардың өмір сүру

кажеттілігін қамтамасыз етіп отырған су айдынына үлкен катер төніп тұр. Қарабатан зауытынан үшқан күкірт пен азоттың, көмірсуге тегінің қоспалары қышқылына айналып өзен сапасын бұзады. Мұндағы: бекіре, жайын, сазан, шортан сиякты балықтар сырқатқа шалдығуы әбден ықтимал.

Коршаған ортаның қауіпті денгейге төмендеуі тағы бір сұмдық шындықтың бетін ашты. Табиғаттың бұзылуы адамның басына, алдымен ми қабатына әсер етеді екен.

Экологиялық ахуалдың мұндай әсері терең талдауды қажет ететіндей. Асқан катігездікпен жасалып жатқан қылмыстар, адамдардың өзіне қол көтерілуі тәрізді түрлі оқыс оқиғалар астарында табиғаттың тозуы да бар.

Қарабатан зауытының ашылуы, тұрғындардың тұрмысын жөнілдетер косымша қаражат тәрізді көрінген.

Ғылымдардың пікірінше, ешқандай өтемақы деңсаулықпен сакталмайды.

- Астында көлік мініп, кос қабатты коттедж тұрғызып, – 40 жас ғұмыр кешкен жөн бе, әлде орташа тұрмыспен 40 жасқа дейін өмір сүру жарасымды ма?

Әрине, халық сонғысын қалар еді? Оның үстіне 40 жылдық ғұмырының 20 жылында сырқаттан айрылmasаң. Ғалымдардың айтудынша, адам сусыз 5, тағамсыз 35 күнге шыдаса, ауасыз 5 минут та тұра алмайды. Сол өмірлік кажеттілігімізге нұқсан келсе, оның орнын ешқандай өтемақы толтыра алмайды.

Қазір АДЖИП ҚКО компаниясы Қарабатан зауытында озат техника мен озық технология қолданылатынын айтып, жергілікті халықты сендіруге тырысады. Қазак даласы тәжірибе жасайтын сынқа аймағына айналды.

Бәрімізге белгілі бұрын Мәскеудің ауа райы үш күннен кейін Атырауға келетін еді. Теледидарды тыңдалап отырып, таяудағы тәулікте жылды немесе салқын боларын өзіміз-ақ болжайтынбыз. Қазір олай емес. Мәскеу де, Атырау да орнына бірақ біздің әуе кеңістігіміз өзгерген. Жел ырқына байыған Теніз кешенінің калдығы Батыс Қазақстан облысына жетеді. Қарашибанақ кен орнынан үшқан залалды зат Атырау аспанына тарапады. Ғылымдардың болжамдауынша күкірт құрамындағы кейбір қосылыстар күшті улы қасиетін жоғалтпай ауада бірнеше күн, тіпті айлан көшіп жүреді.